

06.03.2020 ж.

Ана деген теңдесі жоқ ұлылық!

Құрметті арулар, әйелдер қауымы! Сіздерді 8 наурыз – көктемнің ең тамаша бір мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт пен қуаныш тілейміз! Осы орайда Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімі сіздерге мерекенің лебін сезіндірер «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбындағы кітап көрмесін ұсынады.

Көрмеден «Қазақ тарихындағы әйелдер», «Даланың дана арулары», «Бақыттың

кілті әйелде», «Әйел-әлем», «Ана әлдиі», «Ұлы даланың ұлы қыздары», «Ару ана ғұмыр» атты жинақтар мен ақындардың аруларға арнаған өлең жолдары, сонымен қатар құттықтау жылы лебіздерін тамашалай аласыздар.

8 Наурыз - бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі. Әйелдер адамды бесігімен баулиды, өмірдің іргетасы солардың қолымен қаланады. «Жәннәт-аналардың аяғының астында» деп Ислам діні әйелдерді ерекше құрметтейді. Егерде бір үйде қыз бала дүниеге келсе береке, молшылық, бейбітшілік болады, ата-анасына қуаныш әкеледі дейді. Тіршілікке нәр берген ана сүті қандай құдіретті, әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, бәрі ана деген сөзбен астасып жаты.

Сенен өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті жан аналар!

Барлық оқырман қауымға, аяулы ана, асыл аруларға ұсынылып отырған бұл көрмеміз сіздерге көктемнің күніндей жайдары көңіл күй, керемет әсер сыйласын. Мереке күні адал махаббат жылуын, шынайы сүйіспеншілік шуағын тілейміз!

